

Атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді, 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындауды сұраған азаматтардың (отбасылардың) материалдық жағдайын зерттеу жөніндегі учаскелік комиссиялардың ережесін бекіту туралы

Күшіні жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2006 жылғы 19 сәуірдегі N А-4/134 қаулысы. Ақмола облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 11 мамырда N 3188 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № А-5/184 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.04.2009 № А-5/184 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

" Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы", " Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді, 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындауды сұраған азаматтардың (отбасылардың) материалдық жағдайын зерттеу жөніндегі учаскелік комиссиялар (бұдан әрі - комиссия) туралы Ереже бекітілсін (1-қосымша).

2. Комиссиялардың атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы және отбасыларға мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау туралы қорытындысының нұсқасы бекітілсін (2, 3-қосымшалар).

3. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындамау туралы уәкілетті орган шешімінің нұсқасы бекітілсін (4,5-қосымшалар).

4. Ақмола облысы әкімдігінің "Әлеуметтік көмек көрсету бойынша ведомствоаралық учаскелік комиссиялар туралы ережені бекіту туралы" 2006 жылғы 3 наурыздағы № А-2/84 қаулысының күші жойылсын.

5. Осы аталған қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ғ. Бекмағамбетовке жүктелсін.

6. Осы қаулы Ақмола облысының әділет департаментінде тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қатысты деп саналады.

Облыс әкімі

Б Е К І Т І Л Г Е Н

Ақмола облысы әкімдігінің
19/04/2006 ж. № А-4/134 қаулысымен

Атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді, 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындауды сұраған азаматтардың (отбасылардың) материалдық жағдайын зерттеу жөніндегі учаскелік комиссиялардың ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті, он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақыны беруді сұраған азаматтардың (отбасыларының) материалдық жағдайын зерттеу жөніндегі учаскелік комиссия (бұдан әрі-комиссия) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

2. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246, "Балалы отбасыларына берілетін жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы N№63 заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңын іске асыру шаралары туралы" 2001 жылғы 24 желтоқсандағы № 1685 , "Қазақстан Республикасының "Балалы отбасыларына берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Заңын іске асырудың кейбір шаралары туралы» 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092 қаулыларын, осы Ережені басшылыққа алады және өз жұмысын ашықтық, жариялылық және алқалық негізде қ ұ р а д ы .

3. Комиссия тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің шешімімен құрылады. Ол комиссияның төрағасы, хатшысы және мүшелерінен құралады. Комиссияның құрамына жергілікті өкілетті басқарма органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, меншіктік кооперативтік жайлардың (пәтер) иелері, поселкенің, ауылдың (селоның) тұрғындары, ұйымдардың және уәкілетті білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, құқық қорғау органдарының қызметкерлері кіреді.

4. Комиссия өз жұмысын қоғамдық бастама негізінде жүзеге асырады.

2. Комиссияның міндеттері мен қызметтері

5. Комиссияның негізгі міндеттері мен қызметтері мыналар:

1) Уәкілетті органдарға әлеуметтік көмек көрсетуге оның атаулылығын арттыруға және қаржының көмекке мұқтаж отбасыларына жіберілуіне ж ә р д е м д е с у .

2) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) және (немесе) он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін

мемлекеттік жәрдемақыны (бұдан әрі - балаларға берілетін жәрдемақы) беруді сұраған азаматтардың (отбасыларының) материалдық жағдайын зерттеу.

3) Азаматтарды зерттеу жұмысын жетілдіре түсу бойынша ұсыныстар дайындау.

3. Комиссияның құқықтары

6. Тиісті мемлекеттік органдардан зерттеуді жүргізуге қажет мәліметтерді с ұ р а т у .

7. Комиссияның отырыстарында комиссияның жұмысына қатысты мәселелер бойынша комиссия мүшелерін, мемлекеттік органдардың лауазымды қызметкерлерін (жауапты өкілдерін) басқа да ұйымдарды тыңдау.

8. Белгіленген тәртіпте комиссия құрамын өзгерту туралы ұсыныстар енгізу.

9. Комиссияның жұмысына қатысты мәселелерді шешу бойынша комиссияның құрамына кірмеген мемлекеттік органдардың өкілдерін, басқа да ұйымдарды тарту.

4. Комиссияның міндеттері мен жауапкершілігі

10. Комиссия міндетті:

1) атаулы әлеуметтік көмекті, 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы берудің қажеттілігі туралы қорытынды шығаруға;

2) атаулы әлеуметтік көмекті алуға үміткер азаматтардың (отбасыларының) материалдық жағдайын олардың тұрғылықты жеріне шығып зерттеу;

3) Аулы жағдайлар туындаған кезде (отбасы құрамының, материалдық жағдайының өзгеруі, жасырын табыстарының болуы, әлеуметтік көмекті нысанасыз қолдану және т.б.) бес күннің ішінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің тапсырмасы бойынша (істе құжаттар толық болған жағдайда) әлеуметтік көмекті, балалар жәрдемақысын беруді сұраған азаматтардың (отбасылардың) материалдық жағдайын қосымша зерттеуді жүргізеді және қорытынды дайындап, оны жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкіміне тапсырады. 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы берген кезде зерттеу актісі қажет болған жағдайда ғана жасалады. Зерттеу барысында комиссия мүшелері өтініш берушінің көмек сұрауының себептерін анықтайды. Мұнда келесі жағдайларға көңіл бөлінеді: отбасының құрамы және саны; отбасының жұмыс істейтін мүшелерінің саны; еңбекке жарамды жастағы жұмыс істемейтін мүшелерінің саны - олардың жұмыспен қамтылмау себебі; отбасында еңбекке жарамды, бала күтумен айналысып отырған мүшесінің бар екендігі; отбасында кәмелетке

толмаған балалардың және күтімге мұқтаж адамдардың бар екендігі (мүгедектер, қарт адамдар, аурулар); тұрғын жайдың бар екендігі, саны (пәтер, жер үй); пайдалануға жарамды автокөліктің бар не жоқ екендігі.

4) Өтініш берушінің және оның отбасының материалдық жағдайын зерттеу комиссиямен азаматтардың жеке өміріне деген құрметті сақтай отырып, олардың абыройын кемсітпейтіндей жағдайда жүргізілуі тиіс.

5) Өтініш берушінің және оның отбасының материалдық жағдайын зерттеу отбасының ересек мүшелерінің біреуінің қатысуымен қолданыстағы заңнамада бекітілген мерзімде жүргізіледі.

6) Өтініш беруші өзінің материалдық жағдайын зерттеуді жүргізуден бас тартқан болса, акт жасалады және азаматтың әлеуметтік көмек және балалар жәрдемақысын алу құқығынан айырылғаны туралы қорытынды шығарылады. Бұл туралы уәкілетті органды және тиісті әкімшілік-аумақтық округтің әкімін х а б а р д а р е т е д і .

11. Участкелік комиссияның мүшелері тиісті әкімшілік-аумақтық округтің әкіміне және (немесе) уәкілетті органға тапсырған зерттеу актісінде және қорытындыда жазылған ақпараттың нақты және шындыққа сәйкестігі үшін жауапты. Зерттеу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын қатаң сақтай отырып қолданатындығына кепілдік береді.

5. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

12. Комиссияны тиісті әкімшілік-аумақтық округтің әкімімен тағайындалған т ө р а ғ а б а с қ а р а д ы .

13. Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажет құжаттарды, материалдарды және комиссия отырысы өткізілген соң отырыстың хаттамасын комиссияның хатшысы ресімдейді.

14. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіліп отырады, ол туралы өтініш берушілерді алдын ала хабардар етеді.

15. Отырыстың күн тәртібі, оның өткізілетін жері мен уақыты комиссия төрағасымен комиссияның басқа мүшелерімен келісе отырып анықталады және н а қ т ы л а н а д ы .

16. Комиссияның шешімдері оның отырысына құрамының төрттен үші қатысқан кезде ғана заңды деп саналады.

17. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және ол үшін комиссия мүшелерінің көпшілігі дауыс берген болса, қабылданды деп саналады. Егер екі жақтың дауысы тең болса, комиссия төрағасының дауысы ш е ш у ш і б о л ы п т а н ы л а д ы .

18. Комиссия шешімдері қорытынды түрінде ресімделеді және тиісті

әкімшілік-аумақтық бірліктің әкіміне немесе уәкілетті органға тапсырылады. Әлеуметтік көмекті тағайындау мәселесін шешуде дау, жанжал туындаған жағдайда тағайындау мәселесін шешу уәкілденген органмен бірлескен отырыстарда қаралады.

19. Комиссияның қорытындысы бойынша өтініш беруші уәкілетті органға немесе сотқа шағымдануы мүмкін.

6. Комиссия қызметінің тоқтатылуы

20. Комиссияның қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес тоқтатылады.

2 қ о с ы м ш а

А қ м о л а о б л ы с ы ә к і м і н і ң
19/04/200_ ж . N а - 4 / 134
қаулысына

_____ ж. № _____ ҚОРЫТЫНДЫ

_____ қаласының (поселкесінің) учаскелік комиссиясының
Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек
туралы" Заңының негізінде атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы

_____ (а т ы - ж ө н і , т е г і)

_____ (о т б а с ы н ы ң қ ұ р а м ы)

_____ (балалар туралы мәліметтер, саны 7 дейін, 18 дейін, 18 асқан)

_____ (балалардың оқуы, толық мемлекет қамқорлығындағы оқушылардың
саны, ЖОО оқитындардың соның ішінде коммерциялық топтарда
о қ и т ы н д а р д ы ң с а н ы)

_____ (отбасы мүшелерінің жұмыспен қамтылуы
/немен айналысатыны көрсетіледі/)

Учаскелік комиссия, мына жұмыстарды жүргізіп:
(к е р е г і н б е л г і л е у)

- отбасының құжаттарын қарап;
- отбасының материалдық жағдайын зерттеп;
- ұсынылған құжаттарды іріктеп, қайта қарап

(нақты қандай екенін көрсету қажет)

Ш Е Ш Т І :

1. Отбасы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаж, себебі
(т о л ы қ _____ н е г і з д е м е)

(комиссия мүшелерінің пікірлері)

2. Отбасы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаж емес,
себебі _____ (т о л ы қ _____ н е г і з д е м е)

(комиссия мүшелерінің пікірлері)

Комиссия төрағасы _____
Комиссия мүшелері _____
(қ о л ы) _____ (а т ы - ж ө н і)

3 к о с ы м ш а

Ақмола облысы әкімінің
19/04/200_ ж. N а - 4 / 134
қаулысына

_____ ж. №N _____ **ҚОРЫТЫНДЫ**

_____ қаласының (поселкесінің) учаскелік комиссиясының
Қазақстан Республикасының "Балалы отбасыларына берілетін
жәрдемақылар туралы" Заңының негізінде атаулы әлеуметтік көмекті
тағайындау туралы _____
(а т ы - ж ө н і , т е г і)

(отбасының құрамы)

(балалар туралы мәліметтер, саны 3 дейін, 18 дейін, 18 асқан)

(балалардың оқуы, толық мемлекет қамқорлығындағы оқушылардың
саны, ЖОО оқитындардың соның ішінде коммерциялық топтарда
о қ и т ы н д а р д ы ң с а н ы)

(отбасы мүшелерінің жұмыспен қамтылуы
/немен айналысатыны көрсетіледі/)

Учаскелік комиссия, мына жұмыстарды жүргізіп:
(к е р е г і н б е л г і л е у)

- отбасының құжаттарын қарап;
- отбасының материалдық жағдайын зерттеп;
- ұсынылған құжаттарды іріктеп, қайта қарап

(нақты қандай екенін көрсету қажет)

Ш Е Ш Т І :

1. Отбасы балалы отбасыларына берілетін жәрдемақыға мұқтаж,
с е б е б і (т о л ы қ н е г і з д е м е)

(комиссия мүшелерінің пікірлері)

2. Отбасы балалы отбасыларына берілетін жәрдемақыға мұқтаж
е м е с , с е б е б і (т о л ы қ н е г і з д е м е)

(комиссия мүшелерінің пікірлері)

Комиссия төрағасы _____
Комиссия мүшелері _____
(қ о л ы) (а т ы - ж ө н і)

Күні _____

4 қ о с ы м ш а

А қ м о л а о б л ы с ы ә к і м і н і ң

19/04/200 ж . N а - 4 / 134

қаулысына

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау бойынша

_____ ж. № _____ **ШЕШІМ**

Отбасының тіркеу № _____ Өтініш Күні, N _____

Аты-жөні, тегі _____

Туған күні: _____ ӘЖК: _____ СТН _____

Тұрғылықты жері (нақты): _____

Отбасындағы адамдар саны: _____

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі N№246 II Заңының 2,7 баптарына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек отбасының _____ мүшесіне **тағайындалсын**. Төленетін атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері: _____ бастап _____ дейін _____ сомада.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін есептеу

Отбасының 200 _____ ж. _____ тоқсанындағы кірісі:

Еңбекақы _____

Зейнетақы _____

Әлеуметтік жәрдемақы _____

Арнайы мемл.жәрдемақы _____

Алименттер _____

Кәсіпкерлік қызмет _____

Қосалқы шаруашылық _____

Кірістің басқа түрлері _____

Отбасының _____ тоқсанындағы жиынтық кірісі _____

Отбасының айлық орташа табысы _____

Кірісті есептегенде есептелді, _____ адамға _____

Бір айдағы жан басына шаққандағы табыс _____

Кедейшілік шегі _____

Кедейшілік шегі мен жан басына шаққандағы кірістің айырмасы _____

А Ә К ай с а й ы н та ғ а й ы н д а у :

1. _____

2. _____

3. _____

АӘК мөлшері,отбасына _____

Қанша адамға тағайындалған _____

Уәкілденген органның басшысы _____

Маман _____

5 қ о с ы м ш а

А қ м о л а о б л ы с ы ә к і м і н і ң

19/04/200 ж . N а - 4 / 134

қаулысына

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындамау бойынша

_____ ж. N№ _____ ШЕШІМ

Отбасының тіркеу № _____ Өтініш Күні, № _____

Аты-жөні, тегі _____

Туған күні: _____ ӘЖК: _____ СТН _____

Тұрғылықты жері (нақты): _____

Отбасындағы адамдар саны: _____

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі №246

II Заңының 2, 7 баптарына сәйкес мемлекеттік атаулы
әлеуметтік көмек **тағайындалмасын** .

Себебі: _____

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін есептеу

Отбасының 200 _____ ж. _____ тоқсанындағы кірісі:

Еңбекақы _____

Зейнетақы _____

Әлеуметтік жәрдемақы _____

Арнайы мемл.жәрдемақы _____

Алименттер _____

Кәсіпкерлік қызмет _____

Қосалқы шаруашылық _____

Кірістің басқа түрлері _____

Отбасының _____ тоқсанындағы жиынтық кірісі _____

Отбасының айлық орташа табысы _____

Кірісті есептегенде есептелді, _____ адамға _____

Бір айдағы жан басына шаққандағы табыс _____

Кедейшілік шегі _____

Кедейшілік шегі мен жан басына шаққандағы кірістің айырмасы _____

АӘК ай сайын тағайындау:

1. _____

2. _____

3. _____

АӘК мөлшері, отбасына _____

Қанша адамға тағайындалған _____

Уәкілденген органның басшысы _____

Маман _____

